

А 2006

6.016 14

гі қазақ прозасы

**ӘШІРБЕК
КӨПІШ**

ҚҰМАЙКӨК

ХИКАЯТТАР МЕН ӘҢГІМЕЛЕР



қазіргі қазақ прозасы

**ӘШІРБЕК
КӨПІШ
ҚҰМАЙКӨК**

ӘНДЕРІМЕН АР-АРАСЫНДА



Алматы
Жазушы
2005

ББК 84 Қаз 7-44

К 69

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Көпіш Ә.

**К 69 Құмайкөк: Хикаяттар мен әңгімелер. — Алматы:
Жазушы, 2005. — 256 бет.**

ISBN 9965-746-46-X

Жазушының бұл жинағына кейіпкерлерінің терең жан сезімі, күйініш-күйзелісі арқылы қак жарып өтетін өлеуметтік қақтығыстарға негізделген хикаяттары және сыршыл әңгімелері топталды.

Қаламгер дүниетанымын түбегейлі айқындай түсетін өзіндік қолтаңба мен шұрайлы суреткерлік шығармалардың көркемдік дәрежесін арттыра түскен.


К $\frac{4702250201-064}{402(05)-05}$

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-746-46-X


© Көпіш Ә., 2005
© “Жазушы” баспасы., 2005

Әулиешоқыдан
ат жетектеп келе жатқан әкеме,
Жерошақта
от тұтатып отырған анама,
Бетқайнардың
үкілі қамысы, саған.



Башкортостан Республикасының Мәдәни Җәмигы
Татарстан Республикасының Мәдәни Җәмигы
Өлкәләрдән
Жерләрдән
Башкортостан
Татарстан

ХИКАЯТТАР



ТАУДАН ТҮСКЕН ТҰМАН

Бұл өзі төбе ме, тау ма — әркімнің сөзі әр түрлі. Біреулер: “Өзі тіпті жатаған, осындай да тау бола ма екен?” — дейді жол бойымен өтіп бара жатып. Енді біреулер: “Шіркін, тау деп осыны айт, қарашы”, — дейді де, оның күреңіткен тұлғасына сүйсіне қарайды.

* * *

Жан-жағын заңғар таулар қоршап жатқан өлкеде — алып кеңістікті қара қылдай қақ жарып тұрған жолдың бойындағы қоржын таста екі кештің арасында жалғыз адам отырды. Табиғаттың адамға түсініксіз тұңғиық мінезінен ол әлі де бейхабар болатын. Бұрын-соңды неге жер бетінде күн батып, таң ата-тыны, аспандағы бұлтты үдемелі жел төңкере қуып, тау мен далаға жауынын неге селдете құйып өтетіні, сәби боп туған адамның қалайша қартайып көз жұматыны — осының бәрі оны соңғы кездері жиі толғандыратын болды. Жылға жуық сол мезгілде жол оны қайда апармады дейсің?! Қайда барса да көзіне жапан далада жалғыз шөгіп қалған нар түйедей көрінетін тау жотасына қиырдан жақындаған сайын жүрегі өреки соғып, өзінің тіпті өзгеріп бара жатқанын сезетін.

Ол қоржын таста отырып көз алдында көсіліп бара жатқан тас жолдың бойына көп қарады. Әлдекімді көп күтті. Күткені келмеді. Ешкім де, ештеңе де

корінбеді. Табанының астындағы қоржын тас күн кешкірген сайын сыз тартып, әр бұтасына дейін алақандағыдай көрінетін тау жотасының қойнау-қойнауына қара көлеңкелер себезгіленіп кіріп, жатажайғаса бастапты. Тас түбіндегі жолдан анда-мұнда зулап машиналар өтуші еді. Кешіқұрым олар да су сепкендей тым-тырыс бола қалыпты.

Көкжиекті кемерлеп түн басты. Алыстағы таулардың арғы бетіне ауған күннің жарығын көздеріне құйып алып, түнгі қыратқа “зу” етіп шыға келетін машина қайда?! Қарсы беттегі қараңғылық перделеген құлама жарда аузы үнірейген шұрқ тесіктердің бірінен “ға-ға” деген қарғаның ащы үні шығып еді, көз байланған тылсымда қанаттарын асыға сусылдатып жоқ болды.

Елегізіп тұрған көңіл біріне бірі ұласқан күшті мотор гүрілін бірден қағып алды. Қыраттардың арғы жағынан бір қуатты күш жерді тітірентті де, жалт ете қалған мол жарық жол бойын тіліп өтті. Қараңғыда моншақтай тізілген отты көздер бірінен соң бірі қолаттың тұсынан тізбектеле шығып, айналаны жап-жарық қылып жіберді. Жалғыз адам жол бойына жүгіре шығып, қол көтерді. Алдында келе жатқан алпауыт машина заулаған бойы тоқтамай өте шықты. Қалғандары да өтіп жатыр, өтіп жатыр... Қаптаған машинаның бірі де тоқтамайды. Желдің суық екпінінен жол бойындағы адамның өне бойы тоңазып, қалтырап кетті. Біртіндеп алыстап бара жатқан машина моторының дыбысына құлақ түре тұрып, ол енді күтудің үмітсіз екенін білді. Мүзбелдің ойпаңына түсе сала тау жоталарын орағыта оңға қарай бұрылатын тас жолға төтелеп жаяу тартты. Соңына – Суықтөбеге бұрылып қарап еді, таудың тұлғасы түн қойнына сіңіп зорайып кетіпті. Алдағы қыратқа көтерілгенде, көз ұшындағы ауылының түнгі оттары қараңғылық-

тан қалқып шыға келді. Алыстан көрінген қалың от бұған қарап ынтызарлана жымындайды. Өне, ауылдың шетінде жарқырап тұрған анау үш шырақ — қырман. Қазір онда ешкім де жоқ. Соның тұсында оқшау көрініп тұрған — автомашиналар гаражы. Оқшау шоғырланған сол жарықтан былайғы — бірімен бірі жарыса алауыртып, қыз-қыз қайнап жатқан қалың оттың ішінде мұның үйі бар. Есік алдындағы бағананың жарығы сөніп қалғалы көп болған. Бірақ мұның үйі, әйтеуір, сол шоғырдың ішінде. Бәлкім, көк жасыл сәулесі екпіндей көзге ұратын сонау бір жарқылы басымдау шамның айналасы шығар?! Сол ерекше жарық шам, құдай біледі-ау, Үскендікі. Ендеше, мұның үйі соның дәл түбінде.

Тау жоталарынан асып келіп ызғырық жел бетке ұрды. Көлденең жолға төтелеп жетіп қалған екен; кішігірім жарлауыттан секіріп түсіп, сонадайда шамын жарқырата ағызып келе жатқан машинаға қол көтеріп еді, пысқырмады. Ызғып өте шықты.

Енді бұл машинаға назар салуды қойды. Үйде мұны күтіп отырған кішкентай қарындасы Алмаш есіне түсті. Қоржын таста отырғанда лықып келген ойлары әп-сәтте жан-жақтан қаптап, өне бойын қамап алды.

...Тас қараңғы түнде желке тұсынан қос шырақ көз қарықтыра қадалып тұр екен: бұрыла берді де, шошып кетті. Жан ұшыра жол шетіне ығысты. Бірақ өткір жарық мұны тапжылтқан жоқ. Мотордың қарқынды бірыңғай дыбысы құлаққа ұрып тұр. Дәл жанында тоқтап тұр екен: машина жарығын өшіріп-жақты. Жолдың қарсы жағына ойыса беріп еді, биіктен кабина ашылды да, адам сұлбасы көрінді.

— Әй, осы жолмен қаптаған қалың машина отті ме былай қарай?

Жолдағы адам басын изеді.

— Отыр. Жол көрсет, ендеше, — деді шофер әмірлі үнмен.

Абайлап келіп басқышқа аяқ салды да, кабинаға лып беріп кіріп кетті. Биік орын мұның еңсесін бірден котеріп жіберді.

— Мен сені тас керең екен деп едім. Не жол бермейсің, не естімейсің. Не болған саған?! — деп күле сойледі шофер машина орнынан қозғала бергенде.

— Мен Керуге дейін барам.

Жүргізуші мұның қырсыққанын бірден сезді де, ала көзбен жақтырмай бір қарады.

— Керу дегенің ана тұрған бес-алты үй ме? — деп негімен түн қойнауынан жымындаған оттарды нұсқады. — Мен де бір сені... Москваға барады екен деп қалсам...

Ол қолындағы түйіншегін салдыр еткізіп қасына қоя салды. Әбден тоңып сіресіп қалған қолын ыстық лебі ұрып тұрған мотордың тұсына әкеле берді. Жүргізуші мұның қимылын бастан-аяқ бір шолып алды да:

— Әй, мынауың не-ей сенің? — деп қол дорбаны көрсетті.

Бұл үндемеді. Өздеріне қарай бар пәрменімен заулай зымырап келе жатқан тас жолға қарап отыра берді. Қараңғылық бетінде үркердей шоқталған шырақтар да жақындап, жақындаған сайын ара-арасы аңдыздай ашыла түсіпті.

— Бұл не сонда, алтын ба, айтпайтын.

Рульдегі адам дігірлеп, әр нәрсені бір сұрай береді екен.

— Жок, Суықтөбенің тастары, сынықтары.

Жүргізушінің көзі бағжиып кетті. Түкке түсінбеген сияқты.

— Суықтөбе?... Не ол? Тасың, сынықтарың не? Айтпайсың ба түсіндіріп...

— Суықтөбе — ол Суықтөбе. Анау дара тұрған тау. Сонда бұрын шаһар болған. Соның тастары мен сынықтарың әкеле жатырмын.

– Не дейді тағы?! Оны не қылмақ едің?

Жүргізуші қарқылдай күліп жібергенде, қолындағы рулінен айырылып қала жаздады. Бір қолымен ішін басып алып, ал күлсін. Бір мезгілде ол өзін-өзі ұстай алмай, селкілдеп кетті. Даусы кабинаға сыймай барады:

– Әй, саған шынымен бірдененің салқыны тиген шығар... Қайдағы шаһар? Қайдағы тау? Шаһар енді орнайды сендерге. Қарадаламен канал жүрейін деп жатыр ғой. Оны білесің бе? Ана Керуіңнің іргесін қиып өтеді. Ох! Сонда көресің шаһарды. Тегі, сендердің жер тастан жаралған шығар. Қазып қалса, қып-қызыл тас шығады. Міне, көрмейсің бе? – деп артқы әйнекті нұсқады. – Бізді бір-екі-ақ айға келді деп ойлама. Канал біткенше осы жердің ойран-топалаңын шығарып, ойқастаймыз әлі... Онан да сен былай... ауылыңның әдемі қыз-қырқындары бар ма, соны айтшы. Соларды ұзатуға дайындай бер. Біздегілер шетінен сүр бойдақтар...

Ол енді шыдай алмай кетті. Отырған орнынан ытырылып барып, машинаның руліне жармасты:

– Тоқтат, түсем! – Тізелері қалтырап, өңі қашып кетіпті. – Кете бер өзің, мен қалам осы жерде...

Машина жол жиегіне шығып барып, әрең тоқтады. Самбырлап келе жатқан жүргізуші состиып, тымтырыс бола қалыпты. Қасындағы адам есікті ашып жіберіп, үндеместен түсіп бара жатты.

– Сенің мінезің қалай өзі?! Оу, сен әлі ауылға жеткен жоқсың ғой?

Қол дорбасын көтерген адам жол жиегінен ұзап, қараңғылыққа сіңіп бара жатыр. Жүргізуші енді кабинасының есігін кең ашып, басқышта тұрып мойнын соза айқайлады:

– Әй, батыр, кімсің өзің? Жөніңді айтшы, қайдан келесің?

Адам түн жамылып кете барды. Көкжиек пен көкжиектің, жер мен аспанның арасына созылған алып кеңістікте ол тағы жалғыз қалғандай еді. Қоюлана түскен түннен дәл төбеде бір-біріне сүйеу болып қос жұлдыз оянған екен: солар тас түнекті кезек-кезек тескілеп, сонау аспанның торінде тұрса да сүйріктей сәулелерімен созылып, жетіп келіп, кезек-кезек козінен сүйеді оның.

Берден биік дуал түбінде тұрған.

Су толтырған саба машина темір құрсанған зілдей ауыр қақпа алдына жақындап келді де, бебеулете дыбыс шығарып, онсыз да суық асфальт бетін жуып өтті. Судың екпінінен шорши ытырылған қиыршық тастар ұшып келіп мұның балағына тасыр-тұсыр тиді де, бұрыш-бұрышқа сырғанай жөнелді. Машина тағы бір бебеулеп, тағы бір айналып келіп бетіндегі су қабыршақтары копіршіп, жылыстай қоймаған кара кок асфальтты тағы бір көміп өтті. Сонан соң кері бұрылып алып, әлгінде бұл өзі жаяу келген қошемен заулап кете барды.

Қақпа алдына әлі ешкім келмепті; шымырлап ауаға шыға бастаған күзгі салқын мұның бойын қатты тоназытты. Алайда әкесі өзінен таяқ тастам жерде екенін сезген сайын іші-бауыры елжірейді. Бойын әкеге арқа сүйеген балалық рақат сезімі кернеп, көргенше шыдай алмай барады. Бойы бір суып, бір ысыды.

Бір кезде қолында ұзын сыпырғысы бар біреу шықты да, дегди бастаған асфальт бетін сыпыруға кірісті. Жақындап келіп мұның басына бір, аяғына бір, қолындағы сөмкесіне бір қарап өтті. Көзінде көзәйнегі бар қартаң адам екен. Ол бұдан әлдене сұрағысы келді-ау деймін, алайда батылы барыңқырамай, құлашын онан сайын кең сермеп, әрі бұрылып кетті. Біраздан соң биік, ауыр дарбаза сырқырай сарнап ашылды да, бір адам қол арбамен қоқысты

сыртқа шығарып әкетті. Қақпаны жауып жатып жап-жас лейтенант бұған таңырқай қарап, иек қақты:

- Қайдан келіп едің?
- Керуден... Суықтөбеден!
- Кімнің бар мұнда?
- Әкем.

Жас лейтенант “түсінікті” дегендей басын изел, қақпаны жаба беріп қайта бұрылды.

- Күте тұр, біліп берейін, — деді .

Біраздан соң қараң-құраң адамдар да жинала бастады. Барлығы да күншығыстан таң сығалап, жүз сындырарлық ызғырық лебі дем қамаған сайын күнжыңдап, маңдайшасында қызыл жазуы бар жалғыз есікке қарай тығылды. Берден шеткері қалды. Бір кезде жас лейтенант есік алдына қайта шығып:

— Қайда әлгі бала? — деп көзімен жұртты шыр айнала іздей бастады. Берден сәл батылсыздау ілгері-леп еді, лейтенанттың жанары оған бірден түсті де:

— Қане, жүр бері, — деп, топ ішінен жалғыз өзін жырып әкетті.

Ішке кіргізіп алған соң бұны жаңа коргендей оның жеңіл киінген түріне аяй қарап алды да, әкесінің фамилиясын сұрады. Сонан соң:

— Ә, Қыстаубаев... Қыстаубаев, — деп қарсы алдында ілулі тұрған кестені сұқ саусағымен жоғарыдан төмен сыдырта іздеп келді де: — Міне Қыстаубаев, — деп сәл бөгелді. — Бірақ бұл жолы оған жолығуға рұқсат берілмеген ғой?

Лейтенант балаға сұраулы кескінмен бұрылған кезде, оның жүзіндегі ақ жарқын тілектестік бірден аяушылыққа ауысқанын Берден байқап қалды. Көңілін өрекіткен қуанышы демде басылып, жүрегі шымырлап кетті. Неге? Мұның есептеуінше, осыдан тура үш ай бұрын Байділда ағасы екеуі келіп, әкесіне жолығып кетпеп пе еді. Сонан бері бұл санап жүр...

Әрбір күні жылға бергісіз ұзақ үш ай уақыт өтпей қойды ғой. Ертең түп-тура үш ай болатын күн. Ендеше...

Лейтенант мұны бірден түсінді.

— Жарайды, бала. Қиналма енді. Одан да тездетіп осындағы бастықтың атына рұқсат сұрап арыз жаза ғой. Бүгін-ертең, жоқ, бүрсігүні осында келесің. Рұқсат алсаң, әкеңе жолығып қайтасың. Сол күні мен өзім де осында боламын, — деді сөзін тиянақтап.

Берден әскери адамның айтқаны бойынша арыз жазып қалдырды. Жазарын жазғанымен, өзі бұрын-соңды нұсқасын да білмейтін түсініксіз сөздерді тізбектеген кезде нешеме күннен бері әкесін көремін деген үміті енді ішін мұздай қарып, жанын түршіктірді. Бойы жаңа жылынғанын сыртқа шыққанда ғана байқады. Екі күн бойы не істейді?! Бір адамды танымайды бұл қаладан. Ана жолы алыстағы Қырықкүйден бір топ туыстары бірге келіп байқалмап еді. Ал бұл жолы жалғыз өзі... Басқа ешкім жоқ.

Берден ауладан шығып, үстіне төрт қатар тікенек сым өріп қойған биік, сұсты тас қабырғаларды жағалап ұзақ жүрді. Әкесі осы дуалдардың арғы тұсынан шыға келіп: “Бекенім, келіп қалдың ба? Бәсе, білгем... білгем...” — деп, өткен жолғыдай емірене бауырына басып құшақтай алатын секілді болады тағы. Дуал жағалай жарыса орналасқан темір қалпақты шамдар бұған қарап батыстан біліне бастаған суық жел лебіне бастарын баяу шайқалақтатып, теңселіп тұрды.

Ол екі күн қатарымен қаланың екінші бір шетіндегі темір жол вокзалына түнеп шықты. Үшінші күні таңертең темір қақпа алдына келіп тұрған. Бұл жолы көпке дейін осы маңнан тіршілік белгісі білінген жоқ. Тұтас темір қорап жамылған бірнеше машина есік алдында аз бөгелген соң, тізбектелген күйі ішке кіріп кетті.

Әнеугүнгідей емес, адамдар мүлде аз екен. Күн көтеріле бере ішкі есіктен өзіне таныс лейтенант шықты да:

— Ал, інім, ренжіме сен. Әкеңмен жолықтыра алмайтын болдым. Рұқсат бермеді, — деді сабырмен.

— Келесіде ертерек кел, айналайын, мен өзім кіргізейін.

Іші-бауыры қалтырап, жүйке-жүйкесі босап кетсе де Берден үндеген жоқ, шыдады. Бұрылып жүре бергенде, әскери адамның тегеурінді қолы иығынан сусып түсіп қалды. Жарық дүниеге соншама үмітпен қараған баланың жанарын тұтас торлай жауып қалған көз жасының арасынан күннің алтын сәулесі кеп құйылды. Сол кезде күннің көзі мен баланың арасында таңғажайып буалдыр жол пайда болды. Әкесі қасынан кеткелі көзіне жас үйірілсе болды, күн сәулесімен осылай ұшырасып қала беретін. Мұның көзінің алдынан созылып жатқан буалдыр жолақтың сонау бір ұшында басынан тұманды бұлты көшіп бара жатқан Суықтөбенің қарлы шыңы көрінеді...

Берден өзіне таныс боп қалған вокзалға келді де, поезға отырып аудан орталығына қарай тартты. Қала мен аудан орталығының арасы бір күндік жер. Таңертең поезға отырсаң, кешкісін жетіп қаласың. Кешке мінген поезың таң елең-алаңында аудан орталығы деп аталатын шағын қалашықта, көзге үйреншікті болып қалған қос қабат қызыл үйдің алдында тұрады. Вагондағы кіші-гірім купелерді аралап, ұйқтап жатқандарды зыр жүгіріп оятатын жолсерік әйел болмаса, Берден поездың бұл жерге осыншама ерте келгенін байқай алмас та еді. Ол ауылда бұрындары мұншама ерте тұрып көрген емес. Сондықтан өзінің поезда екенін біле тұрса да, Берден көзін әзер ашып, манаурай оянады. Бұл кезде жолсерік зыр жүгіріп екінші мәрте оралады:

– Әй, бала, сенің билетің осы Қордайға дейін емес пе. Бұл не жатыс шалжиып... дәп бір әкеннің төріндегідей. Сені күтіп тұра ма, қазір мына поезд жүреді де кетеді. Бозайғырдан барып бір-ақ түсесің.

Перронға шыға бере сыртта суық ауа лап беріп Берденнің бойын тез сергітеді. Бұл жерде бірден көзге түсетіні – станция вокзалының маңдайшасында тұрған жалғыз сағат. Танертең ол әрдайым бесті көрсетіп тұратынын Берден енді көзін жұмып тұрып та біле береді. Содан төрт сағаттан соң мұның аулына автобус жүреді. Ол адамдары құжынаған автостанциядан шығып, екі жағынан жатаған талдары жарысып кеп отыратын түп-түзу асфальт жолға түскен соң ғана Берденнің көңілі ашылады. Ұзақ жолда дірдек қаға заулаған автобустың бір сарынды ырғағымен ұйқысы шала болғандықтан тербетіліп, ұйқтап кетеді. Сойтіп бір ұйқтап, бір оянып отырып сонау қияндағы Суықтөбеге, өз ауылына жақындайды. Керуге жақындаған сайын автобус ішінде мұның таныстары көбейіп, бейтаныс адамдар азая береді. Сымдай тартылған түп-түзу асфальт жолдың қос қапталынан, екі жақтан екі тау сонау көз ұшындағы Суықтөбеге дейін қатарласып қалмайды. Жолдан көз жетер жерде телегей теңіз арнасы күн көзіне жалтылдап, көл-дария боп Шу өзені ағады. Керуде той-томалақ болса болғаны, бірінен-бірі әсем естілетін әйелдердің даусы:

“Шу өзенім, қайда қалың ағысың,
Жел тараса, желбірейді қамысың”, –

деп құлаққа әбден сіңіп кеткен ежелгі бір сарынға салып шыға келеді. Ер адамдар мұндайда алыстағы бүйрат-бүйраттарға көз жіберіп, қалың ойға шомады. Тек қана әннің қайырмасында қабақтары қатулана, көздері жарқ-жүрқ нұр шашып, өздерінің нығыз әрі зор дауыстарын әйелдердің өзен қуалаған самалдай

жеп-жеңіл үлбіреген үніне қоса қояды. Еркектердің қайысқан қалың үні манадан бері көбелектей қалқып жүрген нәзік әуенді бірден көтеріп әкеткенде, Берденнің көз алдына ежелде Шу бойында келе жатқан қарулы қалың қол елестейді. “Ол — сенің кіндік кескен жерінді жаудан қорғаған ата-бабаларың”, — дейтін Байділда ағасы.

Осы сурет көз алдына келді болды, Берденді қызықтырып әкетеді. Бұл жолы ол қойнында сақтап жүрген әкесінің қалың көк дәптерінің беттерін ашып оқи бастады: “...Астарында шеттерінен арғымақ, үстібасында күнге жалтылдаған ақ сауыт, найзаларын тік көтеріп қалың нөпір қаптап келеді. Сол бойда жер қайысқан қол Суықтөбеге келіп ошарылды. Төбе басында аппақ маржан тастардан өріп тұрғызған ақ мұнара. Ақ мұнараға ұзын бойлы ақсақал шықты. Шықты да, жан-жағына қарады. Самсаған қол сабыр сақтап тыныш тұр. Бір кезде сақалы беліне түскен қарт қолын жайып тізерлеп отыра қалып еді, қалың нөпір көк найзаларын ердің қасына жапыр-жұпыр сүйей салды. “Ал, жолдарың болсын!” — деген кезде жер тарпыған мың-миллион тұяқ жосылып кеп кетті. Тауларға шаң, жүректерге серт тұнды... Құмырсақдай қаптаған қалың әскер бұлан-талан тасып, кемерінен асып бара жатқан өзеннің арнасымен жарысты. Күн тал түске барып қадалғанда жалпақ өткелге жете бере батырлар ат басын іріккен. Денесі қызып алған жылқы атаулы ауыздығын қаршылдата шайнап әл берер емес. Батырлардың қаны басына шауып, қолбасшының көз сүрінер сүр далаға қадалған қатал қабағын ғана бағып тұр. “Тарт!” десе болды — тарпа бас салмақшы. Басында қалың елмен бірге бұрқан-талқан асыр салып бастаса да, тау-таудың сағасын кесіп өтіп, опырма ор, құлама жарларды айналып, ну орман, түл жазықтармен жарысып келіп, дәл осы жалпақ өткелдің

тұсында тым-тырыс, жайбарақат мінезін жайып салып жатқан ағыс — осы Шу өзені ғана... Тал түсте өткелде қиян-кескі ұрыс басталды. Мұндай қырғынды бүкіл Суықтөбе өңірі естіп көрген емес. Үш күн, үш түннен соң дарияның саласы қызыл қан боп Бетпақдалаға қашты, сағасы денесінің жарақатын көтере алмай жиырылып, суын тартып алыпты. Жауыздыққа жан шыдайтын болмаған соң, батырлар шапқыншы жіберіп ақылдасты да, елге қайтты. Осы кезде ұлы дария топан суға толып, қайта арнасынан асып төгілген. Арғы жағада қалған жауыздардың бергі бетке өтуіне әл бермеді. Қансыраған қолды ерткен Қарабатыр ізінен адастыру үшін өркеш таулардың сыртын айналып өтіп, Суықтөбенің бауырындағы Шудың көмейінен келіп шықты. Жер, су, тау-тас олардың бағытын біліп жатты: “Шу өзенім, қайда қалың ағысың, жел тараса, желбірейді қамысың...”

Бүкіл таулар осылай жаңғырықты, бұлақтар өстіп сылдырады. Қарабатырдың келе жатқан қолын қалың ел Суықтөбеден көріп отырды. Батыр жарасынан қанын саулатып баяғы ақ мұнараға таянғанда, ақ сақалды қарт алдынан шығып, қолтығынан демеді. “Балам, батырларыңа өкпем жоқ, қайтсын деген өзім. Мына жауыздық жан шыдатар емес. Байқасам, жат жерліктерге жәрдем келіп жатыр. Ал сенің күшің сарқылып барады екен. Ойласам, ертең мына елге ес болатын ұрпақ қалдыру — біздің парызымыз. Бүгін сендердің бәрінді қырып алсақ, ертең өрімдей балашағаны өріске кім алып шығады? Жетер! Баста енді елінді күтқарар жолға!” — депті. Қарабатыр бастап, ақ мұнараға солай кіріпті. Аппақ тастармен өрілген мұнараның түбінен басталатын жер асты жолы бар екен. Қалған бүкіл ел сол жер асты жолымен таудың күнгеіне шығып аман қалыпты. Жат жерлік жау құпия жолды таба алмай, ақ мұнараны талқандап

кетіпті. Сол Суықтөбеде жер асты жолы әлі бар. Соны іздеп табу керек... табу керек...”

Берден әкесінің көк дәптерінің бетін жапты. Автобуста алдыңғы жақтан біреулер дабырлап сөйлесіп отыр. Бала терезеден шыр айнала үйіріліп қалып бара жатқан далаға қарады. Алыстағы тау шыңдарының төбесін көмген қар қалындап, төменге, сай-сайларға бүркіп өтті. “Қыс та келіп қалды-ау”, – деп ойлады Берден мүлде ересектерше. Қолына әкесінің көк дәптерін қайта ала беріп еді, құлағына таныс дауыс естілді:

– Сейсен, мен “Жигули” алайын деп жатырмын, естідің бе?

– Алсаң жақсы болған екен, мінеміз.

– Әй, “мінемізінді” қоя тұр. Әуелі естіп пе едің өзің? Соны айтшы?

– Жоқ, естіген жоқпын. Кімнен естимін?!

– Естімесең, естіп ал. – Көрші үйде тұратын Үскен ағасы екен, – қалаға сол үшін барып келе жатырмын. “Жолдас бір жақсылықта, бір жаманшылықта” деген...

– Е, сонымен не дейсің, айтсаңшы айтарыңды. батыр-ау? – деді ана кісі де сабырсызданып.

– Машина келетін хабарды естігелі өзіңдей ет жақын жолдастардың тізімін жасап жатырмын. Кім не қосады екен?! Көрейін де олардың жанашырлығын... Өзің айтшы, сені сол тізімге кіргізейін бе, жоқ па?

Қасындағы адам не істерін білмей тұтығып қалды. Сасқанынан көзі жыпылықтап, біресе Үскеннің жүзіне, біресе терезенің арғы жағындағы шыр айнала маңып қалып бара жатқан далаға қарады.

– Кіргізейін десем, қалтаңда бір тиының жоқ. – Ақыры шыдай алмай Үскеннің өзі бірінші болып тіл қатты. – Кіргізбейін десем, қаз басып, қатар тұрғалы бері бірге өсіп келеміз. Көңілің қалатын сияқты.

Алдыңғы орындықта отырған момақан кісі тағы да үндемеді. Сол қалпында тіл қатқан жоқ. Берден өзінің туысқаны — Үскен ағасының “Жигули” алатынына қатты қуанды. Бірде болмаса бірде қалаға барса өзімен бірге ала кетеді ғой. Онда әкесіне келесіде аппақ “Жигулимен” Үскен ағасы екеуі желдей ұшып жетпей пе?! Онда автобуска, сонан соң поезға мініп әуре болып жатпайды. Заулап жетіп барады.

Манағы дабырдан соң автобус іші жым-жырт. Моторы гүрілдеп, зыр айналып келе жатқан дөңгелектері анда-мұнда ойпаңға кез бола қалса ары-бері ышқына шайқатылып алады да, көгілдір белдеулі машина көз ұшындағы тауға қарай тоқтаусыз зымырайды. “Әркім өз ойымен өзі болып отырған шығар, — деп ойлады Берден. — Қызық, — деп ол ойын жалғастыра түсті, — адамдар кейде өте қызық. Біреу бірдеңе жасаса, екінші біреу соны бақылап қарап тұрады. Әлгі бірінші адам өзінің ісін әбден көзге көрсетіп жұртты сенгізетіндей болса ғана қалғандары соны істеуге ұмтылады. Неге бұлай?!” Бұл ойды өткен жазда демалысқа келгенде Берденге Диканбай ағасы қайта-қайта айтып үйреткен. “Сондықтан қандай бір үлкен істі қолға алсаң да, ең әуелі жүрегің дауалауы керек. Қорықпа. Сонан соң, нәтиже шығармай қойма. Міне, айналаңдағы жұрт сонда ғана мықтылығыңды мойындайды. Саған алаңдап, ақыл сұрағысы келіп тұрады. Сенбесең, Сергей Королевтің өмірбаянын қайта бір оқып көрші”, — деген. Сонан Берден Королев жайындағы кітапты тауып алып, түк қалдырмай оқып шыққан. Космос корабльдерін жасап ұшырғанға дейін конструктордың басынан өтпегені жоқ екен. Осыны кластағы балаларға айтып еді, өзін мазақ етіп күлді: “Сен не, Королев боламын деп жүрсің бе? Дәмесінің зорын... А-ха-ха”... Балаларға мұнан соң бейберекет сыр аша бермейтін еді.

Берденнің Диқанбай ағасы секілді вертолетші ұшқышқа деген құпия бір арман пайда болды.

Диқанбай бала-шағасымен жазғы демалысқа ауылға келгенде, Байділда ағай мен Жақсыбек мал сойып, кішігірім той жасады. “Біздің тұқымнан шыққан көргенді бала”, – дейді Байділда ағай. “Біздің тұқымыңыз не, бүкіл Суықтөбе өңірінен шыққан бірінші ұшқыш ол”, – деп, әкесі Жақсыбек онан сайын қуанады. Ауылдың бас-аяғындағы қадірлі қариялар мен басшылары Диқанбайға келіп амандасты. Жақсыбектің есігінің алды адамға толып кетті.

– Оу, әлгі Мергенбайдың сәмәләт айдайтын баласы қайда жүр, қані? – деп, үйге жақындағаннан қариялар Диқанбайды іздейді.

Оны көрген бойда:

– О, айналайын, түп-тура әкесі болыпты ғой мынау. Аумамай қалғанын қарашы.

– Әкесі марқұм таудан тағыны қия өткізбеуші еді, соған қарап бұл немен аңшы бола ма десе... аспанға қашқаны несі-ей, а?!

– Мергенбай мен Жақсыбектің әкесі Қыстаубай екеуі әскерге бірге кетті де, Сталинград түбінде жан тапсырды ғой марқұмдар. Үш айдан соң екеуіне де қара қағаз алдық. Топырақ сол жақтан бұйырыпты.

Көпті көрген қарттар Диқанбайды, бала-шағасының бетінен сүйіп, мәре-сәре болып қалды. Бұның бәрін естіп жүрген Берденнің мерейі өсті. Өйткені Диқанбай – мұның ең жақын ағасы. Бұл ауылда оның ағасындай ұшқыш, оның ағасындай әдемі кім бар?! Әзірше ешкім жоқ.

Ұшқыш ағасымен бірге бір апта Шудан балық аулағалы бері Берден түбі космонавт боламын деп көксейді. Бала өз аулына демалысқа келген ағасына құпия ойларының ешқайсысын да әзірше айтқан жоқ. Бірақ оның ақ құба өңіне жарасқан қалың қара

мұрты мен үстіндегі көрген адамды таң-тамаша қалдыратын аса қонымды көгілдір киімі Берденнің есін алып кеткен. Зерленген погоны, бешпенті мен маңдайшасы биік бас киімін өзі киіп, айнадан көргені әлі есінде! Керемет жарасады! “Сен де үшқыш болуың керек екен”, — деп Диқанбай бұның арқасынан қаққан.

Той соңынан үйде жақын туыстар — Байділда ағай, Үскен, Диқанбай және әкесі — барлығы алма бақтың арасына дастарқан жайып отырып, Жақсыбекке әуелгі үйінің іші-сырты тым көнеріп кеткенін айтып ескертті. Келер жазда Диқанбайдың өзі тағы да демалыс алып осы өз ағайындарына үй салысып кетуге бел байлаған.

— Әуелі сіздерге, сонан соң мына Үскенге, Байділда ағаға... Сөйтіп жыл сайын бір-бір үй тұрғызып алмаймыз ба? Енді жылда келіп тұрамын ауылға. Өзім көмектесем.

Ағайын-туғандар сол жолы бір шер тарқата әңгімелескен болатын. Берден ортасында отырып, құлақ түрумен болды. Өткен-кеткеннің барлығы айтылды. Барлығы бірдей бұл бұтақтан Диқанбайдан кейін де жақсы ұрпақ өсіп шығуы керек, біз соған қамқоршы болайық деп уағдаласты.

— Өзіме де бір үй салып қою ойымда бар, — деді Диқанбай ақырында. — Адам аспанда үшқаны болмаса, жерді мекендейді ғой. Түбі ауылға келіп, жер жыртып, егін егемін.

— Әп, бәрекелде! — деп жиналғандар Диқанбайға қатты риза болған сонда.

Сол жолы Берденнің әкесі Диқанбайды шағын үйінің бір бөлмесіне кіргізіп қабырғаны тұтас алып тұрған Суықтөбедегі көне шаһардың сынық бұйымдарын көрсеткен. Бұл істі енді өмір бойы тастай алмайтынын айтқан. Диқанбай ырза болды: “Дұрыс,